

**«Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді  
оқыту орталығы» КММ**

**Тақырыбы:**

**«Қазақтың салт-дәстүрлері»**



**Откізген: Смагулова Ж.К.**

**2017 жыл**

## **Сабактың тақырыбы: «Қазақтың салт-дәстүрлері».**

**Ұлыстың Ұлы күніне арналған мерекелік танымдық сабак.**

### **Сабактың мақсаты:**

- тыңдаушыларды қазақ халқының ұлттық салт – дәстүрлерімен таныстыру;
- ұлыстың ұлы күнінің айрықша тәлім-тәрбиелік, ұлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарын ұлгі ету, таныстыру;
- қазақтың ұлттық өнерінен, мәдениетінен тәлім – тәрбие беру;
- қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көрсету, насхаттау;
- тыңдаушылардың сөздік қорын молайту.

**Көрнекіліктері:** көрпе, жастық, қамшы, бесік, кілемше, мерекелік дастарқан, ұлттық тағам түрлері, наурыз мерекесіне арналған нақыл сөздер, наурыз тақырыбына арналған презентация, т.б.

**Сабактың түрі:** Мерекелік танымдық сабак, әдеби-монтаж.

**Сабактың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Сабакқа қатысушылар:** қазақ тілі курсының өзге ұлт өкілдерінен құралған тыңдаушылары

**Сабактың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Аудиторияда Р.Рымбаеваның «Наурыз – думан» әні әуелеп тұрады.

Roza-Rymbaeva-Nauryz-duman.mp3

### **Мұғалімнің кіріспе сөзі:**

Сәлеметсіздер ме, құрметті тыңдаушылар! Бүгінгі Ұлыстың Ұлы күніне арналған мерекелік танымдық сабагымызға қош келдіңіздер! Сіздерді наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Інтимагы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы біrlігін Құдай ұзағынан сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа Қызыр дарып, бақ қонсын!

Өздеріңіз билетіндей Наурыз мейрамы – бұл қоқтем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Қоқтем мен Жаңа күн мерекесі. Табиғатта, Жер-Ана да, жан-жануар да жаңарып, адамзаттың бойына қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жаратып күн. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайтын, Самарқандың көктасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанатын, Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселетін, Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сактап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайтын, араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбірлікте болатын, бүкіл Шығыс халқына ортақ айтуды мейрам. Олай болса, кезекті осы мерекеге арналған салт-дәстүрден көрініске, ән мен күйге берейік.

## Фанфар: Қазақ елі. (Ортаға жүргізушілер шығады)

fanfar\_kazak\_elи-fanfar\_kazak\_elи.mp3

### 1-жүргізуші:

**Ирина:**

Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!  
Босқа қарап тұрманыздар.  
Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,  
Көрмеген де армандар,  
Қызықтан тыс қалмандар!



### 2-жүргізуші:

**Татьяна:**

Кеңінен елге таралған,  
Негізі ерте қаланған.  
Еңбек шаттық жыл басы,  
Наурыздан бастап санаған.

## Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне ариалған әдеби-монтаж

ұлыстың ұлы күні.mp3

### 1. Унич Павел Николаевич:

Армысыздар, қадірменді қауым, Ардақты ағайындар! Бүгінгі Ұлыстың Ұлы күнгі Наурыз мерекесі құтты болсын!

Су жылтырап, бүрін ашқан жас талдан,  
Бу бүркырап, қатып қалған тастардан.  
Күн күркіреп, жасын ойнап аспаннан,  
Бар тіршілік наурыздан басталған.

### 2. Кособуцкая Анна Викторовна:

Армысыздар, халайық,  
Бармысыздар, халайық.  
Келді наурыз сағынтып,  
Қыздарға алқа тағынтып.

### 3. Азмухаметова Оксана Васильевна:

Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,  
Арқаңды кенге созши, уа халайық.  
Қаһарлы қыстан етіп Наурыз келді,  
Билейік, жыр жырлайық, эн салайық.

### 4. Черняева Елена:

Наурыз тойы көңіл тойы, көктем тойы  
Жақсылыққа болса дейтін өмір бойы  
Биыл да былтырғыдай ақ көбейсін,

Елдегі бақыт, байлық, бақ көбейсін!

**5. Батищева Татьяна Александровна:**

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,  
Ақ бәйшешек бөлеп алды маңайды.  
«Жаңа жылмен құттықтаймын» деген үн  
Қанаттана кең алқапқа тарайды.

**6. Илющенко Александра:**

Жыл басы наурыз мереке,  
Ақ нұрға әлем боянды  
Наурыз тойы береке,  
Тіршілік жаңа оянды.

**7. Гирко Ирина:**

Наурыз - жыл он екі ай елдің жүгін,  
Арқалап арамызға келдің бүгін.  
Дамытып бейбіт елдің еркіндігін  
Жайлауын жарыстырудың елдігімнің.

**8. Евкурова Диана Тагировна:**

Наурыз түріп тастап, жер тұндігін  
Айығып ақ күмістей, серпілді күн.  
Сұлудай сыландаған мөлдір сулар,  
Жылғамен ағып жатыр еркін бүгін.

**9. Саломахин Дмитрий Михайлович:**

Жат бол бұрын бастары ешбір қосылмай,  
Жүрген жандар таныс тапса, досындей,  
Ол осынау наурыздың арқасы,  
Ұлыс күннің шапағаты осындей.

**10. Илющенко Алена:**

Наурыз құтты болсын, ағаларға,  
Наурыз құтты болсын, аналарға,  
Жыл сайын тойланатын шаттықпенен  
Наурыз құтты болсын баршаңызға.

**11. Сольский Антон Викторович:**

Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барсан жол болсын!  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін,

Әумін!

## **1-жүргізуші:**

**Ирина:**

Қазақ халқының жаңа жылы «Наурыз» айының 22-сі. «Ұлыстың ұлы күні» деп аса қадірлейтін бұл күн, бүкіл Шығыс халықтарының бас мерекесі. Наурыз – жаңа жыл тойы, көктем мерекесі, күн мен тұннің теңесу сәті, халықтардың ынтымақ күні.

## **2-жүргізуші**

**Татьяна:**

Наурыз келсе құт келгені халайық,  
Есік ашып, шашу шашып,  
Ел боп қарсы алайық.

## **1-жүргізуші:**

**Ирина:**

Олай болса шашу шашайық.

**(Асылбек Еңсеповтің Науан күйі ойнап тұрады. Шашу шашылады.)**

Асылбек+Еңсепов+-+Науан(music.nur.kz).mp3

## **2-жүргізуші:**

**Татьяна:**

Ұлы халқымыздың, ежелден тұрмыстық мерекесі болып келген, жаңа жыл мейрамы – Наурыз мейрамы құтты болсын халайық.

## **1-жүргізуші:**

**Ирина:**

Наурыз жырын жырлаймыз  
Онымен де тұрмаймыз.  
Шыңдалып жеткен бұл күнге,  
Ел дәстүрін сыйлаймыз.

## **2-жүргізуші:**

**Татьяна:**

Олай болса, Ирина ұлттық құндылығы болып саналатын «Балаға ат қою» дәстүрін бастайық.

**(Ортада «Ат қою» рәсімі көрсетіледі)**

**Пэк Александр:**

Бала дүниеге келгенде әр отбасы оған жарасымды әрі әдемі есім беруге тырысады. Кейбірі заманына сай, ел арасында кең тараптан, заманауи есімдерді қойып жатса, кейбірі ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың есімдерін қояды.

Балаға есім жеті күн ішінде берілуі қажет. Ауылдың беделді азаматы сәбиді қолына алып, азан шақырып, ағайын-туыспен бірге тандалған есімді сәбидің құлағына 3 қайтара қайталаған.



### 1-жүргізуши:

**Ирина:**

Сәбіміз ғұмырлы болсын! Атын қойдық енді бесікке салайық, әжелер. Бесікке салмас бұрын ұстазымызды тындаійық.

### Мұғалімнің сөзі:

Қазақ халқы ежелден бері нәрестенің әрбір қуанышына ерекше көңіл аударған. Бала бітімінің сымбатты болуына, тіл көзден сақтауда, тазалықты кішентайынан бойына сініру мақсатында сәбиді бесікке салатын болған. Бесікке бөленіп, бесік жырын тындал өскен, ана сүтімен бой түзеген бала ата-бабасының тектілігін бойына сініріп, жан дүниесі рухани құндылықтармен сузындал өсетіні сөзсіз. Әжелеріміз бесікті аластан, баланың басына үкі қауырсының қойып, көз моншақ тағады. Бұның барлығы сәбидің игілігі үшін жасалатын салт-дәстүрлер. Бесікке салу дәстүрі қазақ халқында күні бүгінге дейін сақталып келеді.

### Қазақтың салт-дәстүрі: «Бесікке салу»

(«Бесікке салу» дәстүрі туралы бейнеролик көрсетіледі.)

ортада әже, келіншек, бала – шага және сәби (куыршак).

Агбениз әже бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды және түбектің тесігінен балаларға тәтті (тыштырма) үлестіреді. Осыдан кейін баланы бөлейді. Бесік жыры айттылады.



**2-жүргізуі:**

**Татьяна:**

Көп рахмет, Агбениз әже. Негізі қазақ халқы әulet дәстүрін қастерлеп, дәстүрлік мұраларды насихаттап жүрген халық.

**1-жүргізуі:**

**Ирина:**

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар,  
Өткеннен бізге жеткен асылы бар.  
Сәбидің кейбір кезін қызықтайтын,  
Қазакта «Тұсай кесер» рәсімі бар.

**2-жүргізуі:**

**Татьяна:**

Тұсай кесу дегеніміз - 1 жасқа толып, еркін жүре бастаған балбебектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей, жүріп кетуіне тілек білдіретін салт.

**1-жүргізуі:**

**Ирина:**

Татьяна, бүгін біздің Ольга әже, өзінің немересінің «Тұсай кесер» тойын Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен орайластырып өткізбекші.

**Ира:**

Ал, келін балам, немеремді ортаға әкеліп, өзімнің құрбым, аяғы женіл, жүрісі шапшаң, аккөніл, елімізге сыйлы, ардақты ана, Ольга әжесіне табыс ет.

**«Тұсау кесу» дәстүрі:**  
**(Осы кезде ақ жайма жайылыш, тұсау кесуге қажетті заттар ортаға  
қойылады)**

**Ольга:**

Әлбетте, баланың тұсауы ала жіппен, қойдың майлы шегімен немесе өрілген көк шөппен кесіледі. Ала жіп актық пен адалдыққа жол ашады, майлы шек байлыққа, тоқтыққа жетелейді, көк шөп көбеюге, өсуге, өнуге шақырады.

**(Баланың аяғын жіппен байлап, қолына пышағын алып, тұсауын кеседі.)**



**Ольга:**

Қаз-қаз бала, қаз балам.  
Қадам бассаң мәз болам.  
Қаз баса ғой, қарағым,  
Құтты болсын қадамың.  
Алға қарай баса бер,  
Асуладардан аса бер.

**1-жүргізуши:**

**Ирина:**

Наурыз тойым!  
Құтты болсын халайық!  
Қане достар  
Шырқап әнге салайық

**2-жүргізуши:**

**Татьяна:**

Иә, Ирина дұрыс айтасың, кішкене бүлдіршіннің құметіне барлығымыз ән салып, көнілдірек отырайық.

**ӘН: «Наурыз-думан» Слайд.**  
**(барлық тыңдаушылардың орындаудында)**

Roza-Rymbaeva-Nauryz-duman.mp3

**1-жүргізуші:**

**Ирина:**

Керемет, ән айтып бір серпіліп қалдық. Енді барлығымыз «Сақина тастамақ» ойынын ойнайық, қалай қарайсыздар?

**2-жүргізуші:**

**Татьяна:**

Эрине, Ирина ойнайық.



**1-жүргізуші:**

**Ирина:**

Көп рахмет. Тартысты, қызықты ойын болды. Ендігі кезекті Наурыз мерекесіне арналған жақсы тілектерге берейік.

**(Тыңдаушылар кезектесіп жаңа жылға жақсы тілектер айтады)**

- 1. Гертнер Наталья Викторовна:** Жаңа жыл құтты болсын!
- 2. Азизова Агбениз Вели-қызы:** Ақ мол болсын!
- 3. Омельченко Оксана Владимировна:** Қайда барса жол болсын.
- 4. Саломахин Дмитрий Михайлович:** Ұлыс бақты болсын!
- 5. Попова Людмила Владимировна:** Төрт-түлік ақты болсын!
- 6. Ульянова Татьяна Николаевна:** Бәле-жала жерге енсін!
- 7. Сергиенко Вера Васильевна:** Ұлыс береке берсін!

Жүргт аман-есен болсын!

## 2-жүргізуші:

**Татьяна:**

Еліміздің несібесі көп болсын.  
Халқымыз көбейіп тоқ болсын!  
Қош сау болыңыздар  
Көріскенше күн жарық болсын!

## 1-жүргізуші:

**Ирина:**

Ой қосылсын ойына,  
Бой қосылсын бойына.

## Екеуі бірге:

Аман-есен жетейік,  
Келесі наурыз тойына!

**Қорытынды.** Сабак соында Наурыз мерекесіне арналған ақ дастархан жайылып, тыңдаушылар ұлттық тағамдардан дәм татты, «Наурыз көже» ішілді. Бата берілді, тыңдаушымыз Айымның орындауында күмбірлеген күй тартылды.

